




Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Азат ел болудың, бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн – ата-бабаларымыздың аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Халқымыз өзінің санғасырлық тарихында аса ауыр кезеңдерді бастан өткерді. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жүріп өткен жолы, бұралаң соқпақтары тарих тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті.

Осындай сынақтарда рухы биік, өр халық намысын ешкіме таптатады. Сүрінбей, тізесі бүгілмей, еңсесін биік ұстап өтті. Тарихтың бұл сынақтары қазақ халқын ширатты, шыңдады. Ғасырлар бойы дербес, егемен ел болуды аңсаған ата-бабаларымыздың арманы 1991 жылы орындалды.

Баянды болашаққа бет алған Қазақстан Республикасы – бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен қазақ халқы және Қазақстандағы барлық этнос өкілдерінің ортақ үйі.

Елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың қадірін біліп, туған жеріміздің көркейіп, гүлденуі үшін еңбек етсе, алынбайтын қамал жоқ. Байыптап қарасақ, дәуіріміздің шежірелі жылдарында бізді үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі.

Кемел келешекке сеніммен қадам басқан жалағаштықтар алдағы уақытта да бірлікті ту етіп, ұлттық мерекеміздің ұлағатын арттырып, ел үшін еңбек ете береді деп сенемін.

Мереке құтты болсын!

Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Құттықтау

Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді еліміздің ұлық мерекесі – Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Тарихқа көз жүгіртсек, 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болды. Азат ел болудың, бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын бұл күн – қазақ халқының мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы. Бұл күн – ата-бабаларымыз аңсаған арманының жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған күн.

Тарих беттерін парақтасақ, Арқадан Алатауға, Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан қазақ даласы аса ауыр кезеңдерді бастан өткергенін білеміз. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар жүріп өткен жолы тарих тағдырдың қазақ халқына берген сынақтары іспетті. Осындай сынақтарды қазақ халқы ауызбіршіліктің, ымыраның, үлкен ерліктің арқасында еңсерді. Тәуелсіздікті аңсаған қазақ жұртының арманы 1991 жылы орындалды. Әлем тарихында тұңғыш тәуелсіз Қазақстан республикасы пайда болды.

Баянды болашаққа бет алған Қазақстан Республикасы – ортақ үйіміз! Бір шаңырақ астында ғұмыр кешкен қазақ халқы елдегі тыныштық пен тұрақтылықтың қадірін біліп, туған жеріміздің көркейіп, гүлденуі үшін еңбек етіп келеді. Бүгінге дейін бағындырған белес – сол үлкен еңбектің жемісі. Байыптап қарасақ, дәуіріміздің шежірелі жылдарында бізді үлкен жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бекем бірлігі.

Алдағы уақытта да нақты мақсатпен нәтижелі еңбек еткен жалағаштықтар бірлікті ту етіп, ауызбіршіліктің үлгісін көрсетеді деп сенемін. Бұл мерекенің маңызы ерекше.

Республика күні мерекесі құтты болсын!

Баршаңыздың отбастарыңызға амандық, елімізге тыныштық, береке мен бірлік тілеймін!

Өмірзақ ЕЛЕУСІНОВ,
Жалағаш аудандық
мәслихатының төрағасы

Аңдатпа

Кеңестік кезеңдегі аудандық газеттің рөлі



Ұлттық мереке

Республика күні – мемлекеттіліктің тарихи белесі

Кеше Қызылорда қаласындағы Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Республика күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған құқық қорғау органдарының, басқарма, департаменттердің басшылары, зиялы қауым өкілдері мен облыстық мәслихат депутаттары қатысты.

Аймақ басшысы жиылған жұртты ұлттық мереке Республика күнімен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы жетістіктерге тоқталды.

– Баршаңызды еліміздің ең басты ұлттық мерекесі Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлттық мерекенің арнаулы күні Сыр өңірі толағай табыстармен қарсы алуда. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамуының үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды аймақ деп оң бағасын берді. Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын. Егемендікке қол жеткізуді аңсап, өмірін күресіп өткізген ата-бабаларымыздың асыл арманы Тәуелсіздігімізді баянды ету – бүгінгі ұрпақ үшін жауапкершілігі зор міндет. Баршаңызды Республика күнімен тағы да құттықтап, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке, толайым табыс тілеймін! Еліміздің өркендеуі жолындағы адал қызметтеріңіз табысты, еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болмай, – деді Н.Нәлібаев.

Расында Сыр өлінде соңғы жылдары ауқымды жобалар жүзеге асуда. Әсіресе құрылыс қарқын алып, ел ішіндегі тұралаған мәселелер шешімін табуда. Бұл бірінші кезекте қарапайым халықтың талап-тілегінің ескеріліп жатқанын аңғартады.

Аймақта 43 млрд теңгеге 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөндеуде. Соңғы үш жылда жөндеген жол 1 271 шақырымға жеткен. Нәтижелі жұмыстың арқасында жақсы жетістіктерге жеткізген ұлы күш – елдің бірлігі.

Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда да аймақта айтарлықтай жобалар жүзеге асуда. Мәселен облыста 2022 жылдан бері жалпы құны 16 млрд 800 млн теңгеге құрайтын 55 жоба жүзеге асқан. Кешегі салтанатты шарада аймақ басшысы келер жылдың



Электр энергиясымен қамту бағытында 2022 жылдан бері 18 млрд теңгеге 70 жоба жүзеге асқан. Былдыңғы өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынған. Жүйелі жұмыс нәтижесін беріп, тозаң желілері 72-ден 62 пайызға төмендеді. Мұнан бөлек облыста 30 млрд теңгеге Сексеуіл және Төретам көпірі, Абай, Ақсу, Мөрәлі Шәменов, Сәкен Сейфуллин, Асқар Тоқмағанбетов, Алмалы, Досбол Датқа, Бестам, Төменарық ауылдарына газ тартылуда. Аталған 11 елді мекенде газ құрылысы толық аяқталғанды өңірді көгілдір отынмен қамтамасыз ету көрсеткіші 78 пайызға жетеді.

Елді мекендерді сапалы ауыз сумен қамтуда да аймақта айтарлықтай жобалар жүзеге асуда. Мәселен облыста 2022 жылдан бері жалпы құны 16 млрд 800 млн теңгеге құрайтын 55 жоба жүзеге асқан. Кешегі салтанатты шарада аймақ басшысы келер жылдың

соңына дейін облыстағы барлық елді мекенге орталықтандырылған ауыз су қосылатынын жеткізді.

Аймақта тұрғын үй құрылысы да қарқын алуда. Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар шеңберінде қаржыландырудың барлық көзінен биыл 863 900 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. 2022-2023 жылдары 4 мыңға жуық пәтер табысталаып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешімін тапқан болатын.

Сыр өлінде «Болат Өтеұратов қорының» демеушілігімен Қорқыт ата өуезжайының жаңа терминалы салынды. Расында бұл – қызылордалықтар үшін өте маңызды жоба. Жуырда өуезжай ел игілігіне берілді.

Аймақта қуаттылығы 240 мегаватттық жаңа жылу-электр орталығының құрылысы қарқынды жүруде. Нысан келер жылдың қыркүйек айында пайдалануға беріледі. Осыған дейін Қызылорда қа-

ласын ыстық сумен қамту жобасы оң шешімін тапқан. Енді 623 көпқабатты тұрғын үйге ыстық су қосылады.

Иә, тізе берсек, аймақта ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды жобалар жетерлік. Бастысы, бүгінде олардың қарапайым халық игілігін көруде.

Салтанатты шарада аймақ басшысы өңірдің саяси, әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан сала мамандары мен ардагерлеріне мемлекеттік наградлар табыстады. Еңбек ардагері Жарлықасын Шәріпов ІІ дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Тағы 7 азаматқа «Парасат», 15 азаматқа «Құрмет» ордені, 22 азаматқа «Ерен еңбегі үшін», 2 азаматқа «Шапағат» медалі мен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. Іс-шара мерекелік концертке ұласты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Алтын дән – 2024

Молшылық мерекесіндегі жәрмеңке

Бейсенбі таңы аудан орталығында әдеттегідей емес, күйбең тіршілікпен басталды. Өйткені жалағаштықтар үшін молшылық мерекесі саналатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге ауданға қарасты бүкіл ауылдан сан түрлі өнімдер жүк көліктеріне тиеліп, сап түзеді. Елді мекендерден мол азық-түлік өнімдерімен келген өнім өндірушілер аудан тұрғындарына бақша өнімдері мен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін күнделікті базар нарығынан төмен бағада сатылымға шығарды.

Жандос ЖАЗКЕН

Мәре-сәре болған халықтың нәпірі бұл жәрмеңкедегі тауарлардың қалтаға қонымды, қолжетімді бағада сатылғанынан хабар беретіндей. Елдің жүзі жадыраңқы. Бір жерде құйқылжыған құй тартылса, енді бір жерде әсем өн қалықтап, тоқшылық тойының ажарын кіргізіп тұрғанды. Әуірлірдеп қан кетерген халықтың қатары көп. Сыртынан қарағанда керемет көрініс.

Олай болары да заңдылық, биыл Жалағаш ауданының құрылығанына 85 жыл толды. Бастысы, көңілің нәні қаласа, бәрі де сөрелерде қатталып тұр. Тіпті қой, тоқты да сатылымда. Тоқтының бағасы 30-35 мыңға дейін саудалануда, ал әжептәуір қойлар 40-50, баспақ 130-180 мыңнан сатылуда. Биылғы елді елден текен малдың жем-шөптерінен жоңшықанын бауы 700-800-ден, пресс 300-400-ден беріліп жатыр.

Шынында, күн де жаймашуақ нұрын себелеп тұр. Алдымыздан бірнеше қапты арбаға тиеп, көңілді келе жатқан апайды кездестіріп, оның бүгінгі жәрмеңке жайлы пікірін сұрадық.



– «Қыстың қамын жаз ойла» дейді гой атам қазақ. Сол айтқандай, мен де жәрмеңкеге ертерек келдім. Әсіресе күнделікті көп тұтынатын затымыз картоп, пияз гой, солардан бір-бір қаптан алдым. Сапасы да, бағасы да көңілге қонымды. Ет, балық, жұмыртқа да арзан. Жем-шөптің де саудасы қызыл жатқанын көрдім. Өзге де ұсақ-түйек керек-жарағымды алдым. Түрлі өнімдердің көңілге қонымды бағада сатылып жатқанына риза болдым. Тек сауда жасамай, орталықтағы концерттік қойылымды да тамашаладым. Биыл ауданымызға 85 жыл толып отыр, барлық жерлерімізді мерейтоймен құттықтаймын. Шүкір, Жалағашымыз күннен-күнге жайнап келеді. Жалағашта туғандымыз мақтан тұтамыз, – дейді аудан тұрғыны Жанар Орынбаева.

Иә, жәрмеңкеде ұлттық қолөнер бұйымдары, ауыл шаруашылығы өнімдері, ұлттық тағамдар және аудан кәсіпкерлерінің көрмесі ұсынылды. Киіз үй тігіліп, тұрғындар астан дәм де татты.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Алтынбек Дәрібаевтың айтуынша, жәрмеңкеге 65 автокөлікпен 200 тонна азық-түлік және 7,5 тонна мал азығы жеткізілген. Ауыл шаруашылығы өнімдері нарықтан 15-20 пайызға төмен бағада сатылды.

– Күздің осы айы керемет. Бүгінгі жәрмеңке күні дала жадырап тұр. Бір мерекелік көңіл-күй сезіледі. Мен бұл жерге балық өнімдерін сатуға келдім. Бастысы, тұтынушыларым дән риза. Тіпті алғысын жаудырып жатыр. Елдің іші береке гой. Ауылдағы шаруаларға да оңай емес. Қанша дегенмен бәрі еңбекпен келетін дүние. Сондықтан олар да бейнетің зейнетін көруі керек. Жәрмеңке жиі ұйымдастырылса, өнімдімізді ұсынуға қашанда дайынбыз, –

дейді кәсіпкер Нұржігіт Алпысбай.

Әрине, кәсіпкер сөзінің жаны бар, бейнетсіз рахат жоқ. Жәрмеңкеге әкелінген әр өнімнің артында қарапайым шаруалардың ала жаздай төккен тері мен ерен еңбегі бар. Олар да өздері өндірген өнімнің игілігін көруі керек. Нарық екі бүйірден қысқанып, қанағат керек. «Қанағат қарын тойғызар» деген тәмісіге сүйеніп, олар өз өнімдерін базар бағасынан төмен бағада ұсынууда.

Алла берерін тоқтатпайсың. Елдің несібесіне былд да ауданымыз егін орағын сәтті қорытындылады. Соның дәлелі «Алтын дән – 2024» мерекелік шарасында «Қызылорданың Қостанай» атанған жалағаштықтар облыс чемпионы атанды. Міне, мерейі ұстем, бірлігі бекем ауданның алтын күздегі жәрмеңкесі елдегі молшылық пен тоқшылықты баяндап тұрғанды.

2 ҚОҒАМ

Маңызы артқан мереке

Жүрегінде туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік, ұлтына деген шексіз құрметі бар кез келген адам азаттықтың бәрінен қымбат екенін түйсігімен түсінеді. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген бірауыз сөздің астарында қазақ қазақ болғалы бері осы күнге дейінгі бастан кешкеніміз, ата-бабамыздың асқақ арманы, өткерген нәубетті жылдары, ел басына күн туған шақтағы ана сүті арқылы қанына сіңген тектіліктің, дана халықтың ізгі ниеті жатыр.



Тәуелсіздігін баянды етіп, шекарасын шегендеген Қазақ елі бүгінде бейбітшілік пен бірлікті ту етіп отыр. Қара шаңырағында қаншама ұлтты сыйдырып, ата-бабадан жеткен көп пейілділігін көрсетті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытауда өткен тәуелсіздік жылдардағы алғашқы құрылтайда Республика күнін атап өтуді ұсынып, мерекелер қатарына қосты. Бұл декларация егеменділігіміздің бастауында тұрған маңызды құжат екенін тілге тиек еткен Ел Президентінің маңызды мерекенің қайта оралуына себепкер болуы қазақстандықтарды ерекше қуантып, рух бергені белгілі. Араға он жылдан аса уақыт салып, лайықты дәрежесіне қайта оралған айтулы мерекенің біз үшін айшықты әрі айбынды болуы да заңдылық. Қазақстан Республикасының дербес мемлекет атануы жолында өткерген барлық қиындықтар мен қиып кезеңдердің мәнін түсіндіріп, азат ел екенімізді және қазақ өз болмысында ерқашан еркін ел болғанын есімізге салады.

Жасыратыны жоқ, қашаннан кең даланы қоныс етіп, жұмыр жердің тесінде еркін өмір сүріп келген халық кешегі кеңестік кезеңде біраз тоқырап қалды. Тоқырап қалды дегенде тұрмыстық тоқырау емес, ұлттық салт-дәстүр, құндылық дегендерден қол үзіп қалды деуге болады. Қазақы болмысымыз ұмытыла бастады, кейбір рухани құндылықтарымыз қолданыстан түбегейлі шықты. Десе де біреудің қол астында күнелтсең, өз тарихыңды, дініңді, тіліңді, тіпті тіліңді ұмытатындай халге жететіңдізі атам қазақ әу бастан білді. Сол үшін бүгінгі ұрпақтың ешкімге жалтақтамай өз жерінде өмір сүруі үшін ата-бабаларымыз қазаққа бұйырған кең байтақ даланы қорғауда жан беріп, жан алысты.

Ата-бабаларымыз аттың үстінде жауға найза тосқанда, білектің күшімен ұланғайыр даланы сақтап қалуға жанталасқанда осы ұрпағының азаттықтың арнайы ақ таңын көрсін дегені еді. Шүкір, қазіргі таңда бейбіт заманда, егемен елде өмір сүреміз. Отыз жылдан астам уақытта шекарамызды бекіттік, туымызды көк аспанда желбіреттік, әлемге тәуелсіздігімізді паш еттік.

Осы уақыт ішінде жас мемлекетіміз талай асудан асып, биік белестерді бағындырды. Әлемге Қазақстанды танытатын үлкен тарихи оқиғалардың бастамашысы бола білді. Қанатын кеңге жайған жас мемлекет дәуірлік өзгерістерден тайсалған жоқ. Қанында қайсарлық бар текті халық екенін дәлелдеді. Иә, бүгінгі ұрпақ бейбіт пен тыныш заманның қадірін біледі. Оңайлықпен келмегенін де сана-сезіммен түйсінеді. Ел болып, қоғам болып, осындай бейбіт күннің бедерін сақтап қалуға тырысады. Бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болып, барлық жерде ынтымағы мен бірлігін танытуда. Татулық бар жерде тұрақтылық болатынын, ал тұрақтылық орнаған жерде береке болатынын дәлелдеді. Бауырлас елдер мен көршілес елдердің ара-

Ұлттық спорт



Шабандоздар бақ сынаған бәйге

Бұқарбай батыр ауылының атшабарында Жалағаш ауданының 85 жылдық мерейтойы және «Алтын күз – 2024» мерекесіне арналған ат бәйге ұйымдастырылды. Кіл мықтылар оза шапқан дода жанкүйерлерге шабыт берді. «Тай» жарыста атсөйіс Аслан Даврушов баптаған «Қарқын» сайгүлік үшінші келді. Санжар шабандоз бұған дейін де талай жарыста көзге түскен болатын.

Мәрені екінші кескен жүйрік «Көзайым» да бабында екен, Жанасыл шабандоз тізгіндеген тұлпарды жарысқа арнайы Жайлаубай Тілеуқабылов баптаған Тай бәйгеде топты бастап «Таскүрең» келді, Мұратбек Пірекеновтың жүйрік тайын бұл жолы Бекнұр шабандоз шапты.

Оқырман олжасы



Жалағаштың сырлы шежіресі

Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдығына орай жарыққа шыққан Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ақын, ардагер-журналист Серік Бертаевтың «Жалағаштың сырлы шежіресі» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Тағылымды іс-шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов пен ардагер-қаламгерлер, «Жалағаш жаршысы» газетінің ұжымы және шығармашылық өкілдері қатысты.

Аудандағы халықтың тіршілігіне, әлеуметтік әл-ауқатының руханияты мен қоғам тынысына хабар тарататын «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдығына орай жарық көрген «Жалағаштың сырлы шежіресі» атты кітаптың бағыт-бағдары айқын. Жаңа туынды 4 бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімі «Кеңес дәуіріндегі аудандық газеттің рөлі», екінші бөлімі «Жалағаш жаршысы» – Тәуелсіздік жылдарында, үшінші бөлімі «Сыр медиа» серпін берді, төртінші бөлім «Жыр арқауы – Жалағаш жаршысы» деп аталады.

Рухани шарада қонақтар автордың жалпы саладағы еңбегіне қатысты бірқатар сауалына жауап алды. Сондай-ақ қарымды қаламгер Рысбай Керімов тың туындының тек басылымның ғана емес, тұтас ауданның тарихын қамтығанын тілге тиек етті.

«ЖЖ» ақпарат

Бағдарлама игілігі

Мал бордақылап, табыс тапқан

Ауыл – береке-бірліктің ордасы. Мұнда кәсіппен айналысамын деушілерге қолайлы жағдай жасалған. Яғни кәсіптің қай түрін қолға аламын десеңіз де, мемлекет тарапынан берілетін қаржылай қолдау бар. Шалғай ауыл да тұрса да ата кәсіпті жалғастырып, мал басын көбейтіп, кәсіпін дамытып отырған жанның бірі – аққырлық Нұрбол Тайымбетов.



Бала күнінен ата кәсіпке бейім болған кейіпкеріміз былтыр «Бизнестің Бастау» бағдарламасы аясында 1 млн 255 мың теңге қайтарымсыз грант жеңіп алып, өз кәсібін бастаған. Алғашында Нұрболдың төрт түліктің ішінде таңдауы жылқыға түскен. Қазіргі таңда жылқыларын үй аласында бағып, бордақылау ісімен айналысады. Ет бағытында ауылды өз өнімімен қамтамасыз ету мақсатында қораға 5 бас жылқы байлаған кейіпкеріміздің қазір 3 бас жылқысы, мән 1 өгізі бар. Алайда аққырлық Нұрбол мұнымен шектеліп қалмақ емес. Ол жыл соңына дейін тағы 3 бас жылқы әкелуді көздеп отыр.

– Жылқы – атам қазақ баққан мал, оны барлық қазақ бағуы тиіс. Мен осы атакәсіп арқылы отбасымды асырап, табыс тауып отырмын. Бұл жылқыларды бордақылап, ауыл тұрғындарына келісі 2300 теңгеден өткіземін. Ауыл тұрғындарынан артылған жағдайда ғана көршілес ауылдар мен Қызылорда қаласындағы тұтынушыларымды етпен қамтамасыз етеміз, – дейді Нұрбол Досболұлы.

Түліктен табыс тауып отырған бұл отбасы атакәсіпті ерістетуді бір жолға қойған. Яғни олар сүірі сүтінен құрт жасап, арнайы тапсырыс та қабылдайды.

«Мал баққанға бітеді» демекші, жыл басынан бері 12 мал бордақылап сатқан ол алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр. Осы ретте кейіпкеріміз алдағы уақытта ет бағытындағы асыл тұқымды ірі қара әкелмек.

Аққыр ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы мекеменің қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізу кестесі

№	Елді мекен атауы	Азаматтарды жеке қабылдауды жүргізетін лауазымды адамның Т.А.Ж	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6	7
1	Аққыр ауылы	Матаев Жаңабек Ұлықбекұлы	Аққыр ауылдық округі әкімі	Сәрсенбі 15.00-ден 19.00-ге дейін	Аққыр ауылы Ы.Ақырұлыев көшесі №40	8(724-31)41-4-44



Кеңестік кезеңдегі аудандық газеттің рөлі

Бұқараның үніне айналған аудандық басылымның әр беті тұнып тұрған тарих. Уақыттың әр кезеңіндегі қоғамдық саяси өзгерістер, ел жер тарихы мен өңір шежіресін газет тігінділерінің сарғайған беттерінен оқып білуге болады. Уақыт талабына сай өз үнімен жауап беріп келе жатқан ресми басылым аудандық «Жалағаш жаршысы» газетіне биыл 90 жыл толды. Оқырманның сүйікті басылымына айналған аудан айнасының өткен тарихын бір таразылап, бүгінгі таңдағы тіршілік тынысына тоқталдық...

Коммунистік партияның Орталық комитеті отызыншы жылдары «Округтер жойылуына байланысты газеттер жүйесін қайт құру туралы», «Селолық аудандық және төменгі баспасөз туралы» қаулылар қабылдап, баспасөздің төменгі буынын дамытуға айрықша назар аударды. Осындай партияның қамқорлығы нәтижесінде Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімінің құрылуына байланысты 1934 жылы 10 қаңтарда «Колхозшы» деген атпен бірінші нөмірі шығып, Қармақшы ауданының да колхоздарына партияның саясатын жүргізді. Кейін аудан құрылғасын аудандық газет болып «Колхозшы» атымен 1941 жылға дейін шығып келді. Мұнан соң газет «Күрішілер» деген атаумен 1958 жылдың тамызына дейін жарық көрді, сол жылдан бастап аудандық газетке «Коммунизм үшін» деген жаңа ата берілді. Осы атпен 1962 жылы 6 мамырға дейін шығып, арада бір жыл үзілістен соң Жосалы кентінен «Коммунизм шамшырағы» болып оқырманмен қайта қауышты. 1965 жылы қаңтарда Жалағаш ауданының қайта құрылуына байланысты сол жылдың тамызы айынан бастап «Жаңадария» деген атаумен шыға бастады. Кейін уақыт талабына орай 1993 жылдың 1 сәуірінен бастап «Жалағаш жаршысы» деген атаумен өз оқырмандарымен қайта қауышты.

Газеттің алғашқы нөміріне Сахи Жарылқасынов қол қойып, бес жыл редактор болса, ер жылдары Жарылқасын Дүйсенов, Смайл Ақжігітов, Сұлтан Қожаниязов, Шілдебай Онанбаев, Жүсіп Алтыбаев, Әдіс Ахетов, Сұлтан Жүсіпов, Төлеш Ахметов, Мырқы Исаяев, Мурат Нуржанов, Айтбай Қойшыбаев, Әділхан Аманов, Қален Әбдешов, Зордан Салықбаев, Асқар Қиребаев, Мырзамұрат Илиясов, Тұрсынбай Ташенов, Кенжеғара Сұлтемінов, Млік Аяпов, Серік Бертаев, Қарлығаш Әбдрахманов, Ғазиза Әбілда, Нағымжан Сауяев, Әзиз Батырбеков басшылық етті. Ал 2020 жылдан бастап аудандық газеттің бас редакторы Кенжетай Қайрақбаев.

«Жалағаш жаршысы» газетінің алғашқы редакторы кім? деген сауал төңірегінде түрлі пікір бар. Енді соның жауыбын беріп, нүктесін қоюға мезгіл жетті. Осыдан он бес жыл бұрын аудандық газеттің 75 жылдығы қарсаңында жоғарыда айтылып жүрген оқырмандар сауалына байланысты редакция қызметкерлері сол кездегі республикалық мұрағат орындарына, аудандық газет жергілікті кітап палаталары мен орталық кітапханаларға хат жолдап, сауал салған болатын. Көп ұзамай жазған хатымызға жауап та келді. Онда аудандық газеттің тарихы 1934 жылы 10 қаңтарда аудан көлемінде тұңғыш шыққан аймақтық Қаракеткен машина-трактор станциясын қамтитын шаруашылықтарға тараған «Колхозшы» үн парағынан басталғаны айтылған. Сондай-ақ 1934-1939 жылдары шыққан «Колхозшы» газетінің редакторы Сахи Жарылқасынов болғаны жазылған. С.Жарылқасынов ағамыздың өз қолымен жазған естелігі де сөзімізді растай түседі. Ол естелікте «1933 жылдың аяқ шені болатын Қармақшы аудандық «Екпінді» газетінде жауапты хатшы болып жүрген мені біреу аудандық партия комитетіне шақырды. Сол тұста МТС-тер жанынан саяси бөлімдер құрыла бастаған. Жоғарғы партия органдарының нұсқауына орай, әлгі саяси бөлімдердің өз тілі көп тиражды баспа газеті болуы тиіс екен. Аудандық партия комитетінің мені шақырғаны Қаракеткен МТС-тен шығатын газетке редактор етіп жіберуді ұйғарыпты. Рас, жаңадан ұйымдасқан машина-трактор станциясы жанынан газет шығару оңайға түскен жоқ деп жазылған.

«Сыр журналистикасының» II томында «Шайырлар өмірінің шамшырағы» атты бөлімде Қармақшы аудандық «Қармақшы таңы» газетінің тарихы баяндалған. 1934 жылы жасасқа, 1934 жылы Жалағашқа Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімі жанынан дербес басылым «Колхозшының» шығару қолға алынып, оған «Екпінді» газетін шығару ісінде тәжірибесі бар Сахи Жарылқасынов редактор болып тағайындалды» деп жазылған. Міне, осы естеліктермен келген жауап хаттар жоғарыда айтылған сауалға толық жауап бергені анық. Демек, Жалағаш ауданының аумағында тұңғыш газет – сол кездегі Қаракеткен МТС-тің саяси бөлімі шығарған «Колхозшы» атты көп тиражды газеттің алғашқы редакторы С.Жарылқасынов болып қала бермек.

Аудан айнасы «Жалағаш жаршысы» газетінің тарихын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең – Кеңес дәуіріндегі аудандық газеттің ұйымдастырушылық қызметі, аудандағы өндіріс орындарының бірінші баспахана мен жергілікті радио хабарын тарату – редакцияның жұмысы, Кеңес дәуіріндегі аудандық газеттің рөлі. Екінші кезең – еліміз егемендік алған тәуелсіздік жылдарында өтпелі кезең қиыншылығын бастан өткізген аудандық газет пен баспаханың материалдық қаржылық жағдайы, құрылымдық өзгерістері, «Жалағаш жаршысы» газетінің тәуелсіздік жылдарындағы рөлі. Ал үшінші кезең – аудандық газеттің облыстық «Сыр медиа» ЖШС-ға қосылып, заман талабына орай жаңа технология, жаңаша форматпен жұмысқа көшуі.

«Сыр медиа» серпін берді

2009 жылы ардагер журналист Тұрсынбай Ташеновтің «Жалағаш жаршысының» жетпіс бес жылдық өмірбаяны өрнектелген «Жалағаштың жаршысы» кітабы шықса, 2021 жылы Сыр бойындағы ақпарат құралдарының тарихы жинақталған «Сыр журналистикасының тарихы» жарық көрді. Десе де биылғы мерекелік жылы басылымның байырғы ардагер журналисті өрі бұрынғы редакторы қатарында аудандық газеттің өткен тарихын бар «Жалағаш жаршысы» бұқараның үніне, аудандық тарихы мен шежіресіне айналды. Бұған дәлел газеттің сарғайған парақтары.

Газетіміздің тоқсан жылдық тарихында елімізде қаншама қоғамдық саяси-тарихи оқиғалар, өзгерістер мен жаңалықтар болып жатыр. Аудандық газет солардың барлығына әділ бағасын беріп, халықпен бірге болды. Кез келген жұмысты басынан бастау қиын. Жоғарғы партия органдарының нұсқауына сәйкес жаңадан ұйымдасқан машина-трактор станциясының газет шығару ісі оңай болған жоқ. Мақала жазатын тілшілер құрамы жинақталып, баспахана жұмысы ұйымдасқан соң редакция ұжымы өздеріне жүктелген жұмысты атқаруға кірісіп кетті.

«Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газет сондай керек» дейді ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұв. Сол айтқандай, тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысы» бұқараның үніне, аудандық тарихы мен шежіресіне айналды. Бұған дәлел газеттің сарғайған парақтары.

Газетіміздің тарихындағы бірінші кезеңді 1934-1945 жылдардағы аудандық газет беттеріндегі соғыс жылдарында елің жерің менің басқыншыларыңа қорғап, Отан үшін от кешкен Сыр елінің, жалағаштың жауынгерлердің майдан даласында көрсеткен ерліктері жазылып, паш етілді. Соғысқа ұш мыңға жуық жалағаштық аттанып, олардың үштен екісі майдан даласынан оралмай ерлікпен қаза тапқан. Ел басына күн туып, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқанда газет тілшілері жұртты жеңіске жігерлендіріп, күш-қайрат берді.

Майдан мен тылдағы жаңалықтар, оларға көмек берудің үлгісін көрсеткен шаруалар газеттің әр санында жарияланды. «Барлығы да майдан үшін» деп тапқан-таянғанын алғы шепке жөнелтіп, жеңіске жетуге аудан еңбеккерлері де лайықты үлесін қосты. Мәселен, «1941-1945 жылдары аудан еңбеккерлері майданға 59 ат, 43 таронтас арба, 11 автомашина жіберді. Қызыл Армия қорына 197 429 центнер астық, 13 873 центнер ет, 736 центнер май, 1070 центнер жүн өткізді. Соғыстың алғашқы екі жылында жерлеріміз Отан қорғау қорына 12 250 сом, танк колоннасына 1 миллион 600 мың сом, ұшаққа 74 мың сом, Қызыл Армия қорына 108 347 сом, 1-2 соғыс азаматына 4 миллиондай сом, лотереяға 362 мың сом және 10 818 жылы киім, 5 вагон күріш, 3 тоннаға жуық май, 100 литрдей арақ жіберді» деп жазылған аудандық газеттің 1943 жылғы 22 маусымдағы 35-ші нөмірінің бірінші бетінде жарияланған редакциялық мақалада.

Міне, осы сияқты бастамалар аудандық газет бетінен лайықты орын алып, жерлерімізге насихатталып жатты. Аудан еңбекшілерінің қаһармандық істерге үндеп, жеңісті еңбекпен жақындатуға шақырды. Майдан даласында жаумен шайқасып жатқан жауынгерлерге рух беріп, жеңіске жігерлендіріп отырды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңдерінде жұртты игілікті іске жұмылдыруда газет үшін міндеті ерекше ұйымдастырушылық қызмет атқарды. Халық шаруашылығын қалпына келтіру, ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету, елімізде азық-түлік қорын қалыптастыру, тың және тыңайған жерлерді игеру, кеңестік шаруашылық жүйесін жетілдіру ауыл шаруашылығын механикаландыру т.б. көшпенді жұмыстар газет беттерінен орын алды.

Алпыс-жетпісінші жылдары аудандық басылымның ел ішіндегі ықпалы күшейіп, жұртпен байланыс нығайды. Материалдарды берудің формалары мен жанрлық құрылымы айқындалып,

тақырыптық ауқымы әлдеқайда кеңейді. Бұл кездері аудандық газет идеялық саяси жағынан шындалған, өмірдің саналуан проблемалық мәселелерін білгірлікпен көтере білетін, өзінің тілшілері мен авторлары арқылы бұқарамен тығыз байланысып, оқырмандардың құрметі мен сеніміне бөленген шын мәніндегі жауынгер орғанға айналды. КПСС Орталық Комитетінің 1968 жылғы «Еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде аудандық газеттердің рөлін арттыру туралы» қаулысы газеттің нағыз бұқараның үніне айналуына үлкен ықпал жасады. Газет әсіресе аудан экономикасының негізгі саласы ауыл шаруашылығын өркендету мәселесіне тұрақты түрде назар аударды. Бұл жылдары егін және мал шаруашылығын дамыту, оазт тәжірибелерді насихаттау, еңбек өнімділігін арттыру, шаруашылық экономикасының көтерудің бірден-бір қозғаушы күші Социалистік жарыс және жарыс жеңімпаздарын насихаттауға басым бағыт берілді. Қоғам өміріне белсене араласып, әр салада еңбек етіп, ерлік істерімен өнеге болған өңбек адамдары мен Еңбек Ерлері жайлы газеттің сарғайған беттерінен оқуға болады.

Сол бір кезеңде халық шаруашылығын қалпына келтіру, ел экономикасының көтеру жұмыстары жүріп жатқанда аудандық газет те халық арасында үгіт-түсінік жұмыстарына белсене атсалысты. Әсіресе ауданның ауыл шаруашылығы салына басым бағыт беріліп, өңірлік деңгейдегі шараларда басылым назарынан тыс қалмады. Әлемнің түкпір-түкпіріндегі болып жатқан жаңалықтар жайлы жазылған ТАСС-тың хабарлары газеттің әр санында беріліп тұрды. Газет аудан халқының саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірінің өзекті мәселелерін де сөз етті.

Кеңестік кезеңде мерзімді басылымдарда әсіресе аудандық газеттің бірінші бетінде міндетті түрде кезек міндетіне орай бас мақала берілді. Мәселен, маусымдық жұмыстарға байланысты «Мал қыстау маңызды науқан», «Қой қоздап, қорада шу», «Көктемнің әр күні жанға азық», «Жемшөптің берік қорын жасайық», «Күйек алу – жауапты науқан» т.б. тақырыпта жазылған бас мақалаларда аудан шаруашылықтарының науқанды жұмыстарына шолу жасалып, алда тұрған міндеттер нақтыланды. Сондай-ақ газеттің бас мақалаларында білім, мәдениет өнер, спорт, тәрбие тақырыптары қозғалып, жан-жақты сараланды. Жанр қоғамдық құбылыс болғандықтан аудандық газет беттерінде публицистикалық мақалалар, корреспондентиялар, репортаждар мен очерктер көбірек көрініс тапты.

Сол бір жылдардағы журналист кадрлардың тапшылығына, полиграфиялық базаның әлсіздігіне қарамастан аудандық газет аудан алдындағы экономикалық және мәдени міндеттерді шешуге белсене атсалысты. КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы Март пленумы ауыл шаруашылығында орын алған жағдайларға талдау жасап, оны жоюда нақтылы экономикалық және ұйымдастыру шараларын белгіледі. Осыған орай аудандық газет суармалы жерлерді игеру, мелиорациялау, әр гектардың өнімділігін арттыру бағытында айтарлықтай жұмыстар жүргізді. 1965 жылы аудан мемлекетке небәрі 153 мың 900 центнер гана күріш тапсырса, ал 1966-1970 жылдарда қамтитын сегізінші бесжылдық тұсында егін шығымды арта түсіп, бесжылдық аяғында Отан қоймасына 456 мың 215 центнер астық тапсырылды.

1975 жылы мемлекетке 455 мың 180 центнер, 1982 жылы 830 мың центнерден астам астық тапсырылды. Мал шаруашылығында да елеулі

табыстарға қол жетті. Мысалы, 1976 жылы қой 101135, жылқы 5410, мүйізді ірі 21332, түйе 1395 басқа жетті. Төрт түліктен жоспарлы төл алу үш бесжылдық бойы орындалды. Демек, халық шаруашылығының қайсыбір саласын өркендету жолындағы мәселелерде, озағат тәжірибесі мен ғылым жетістіктері де, аудан партия ұйымдарындағы партиялық ұйымдастыру, саяси-көпшілік жұмыстарының барлығы аудандық газет бетінде жоспарлы түрде жарияланып тұрды. Сонымен қатар еңбек мейталдарының есімі осы басылым арқылы елге танылды. Аудандық газет Коммунистік партияның сенімді құралына айналып, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беруде үлкен рөл атқарды. Аудандық партия комитетінің басылымымен газет аудан еңбеккерлерін ерлік еңбекке бастап, оларды бесжылдық тапсырмаларды асыра орындау жолындағы ерлік іске жұмылдыруда жүйелі жұмыстар жүргізді.

Сексенінші жылдары газеттің үгітшілік, насихатшылық рөлімен бірге ұйымдастырушылық қабілетін жетілдіруге бетбұрыс жасалды. Газет күнін өткізу, редакцияда қоғамдық қабылдау бөлмесін ашу, көкейкесті мәселеге байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырып, редакция қызметкерлерінің аудандағы мекеме, шаруашылықтардың ұжымдарымен кездесулер өткізу кеңінен қолға алынды.

Редакция ұжымы жариялық пен демократияландыру процесін кеңейтуге қайта құрудың озағат тәжірибелерін кеңінен насихаттай бастады. Уақыт талабымен үндескен жаңа айдарлар ашып, тақырыптық нөмірлер дайындап шығаруға ден қойды. Мәселен, партия жұмысына арналған «Партия тұрмысы», еңбек адамымен кесіптегі мал тәжірибесіне арналған «Адам еңбегімен көрікті», «Озат тәжірибе көпке ортақ», бір совхоздың жетістіктерін насихаттайтын «Біздің ауыл осындай», ұлттардың достығы мен бірлігіне арналған «Жүзі басқа жүрегі бір, тілі басқа тілегі бір», аудандық газеттің авторлары мен тілшілерінің шығармашылығына арналған «Тілші – газет тірегі», жастарға арналған «Толқын» жастар бөлі тағы да басқа тақырыптық нөмірлер жарық көрді.

Басылымның «Жебе» сын сықақ бетінде сықақ өлеңдер мен фельетондарға орын берілсе, «Әдебиет бетінде» қолына қалам алған жас талапкерлердің өлеңдері мен шығармалары беріліп, оларға сәттілік тілеп отырды. Сонымен қатар жылдың төрт мезгілінде маусымдық жұмыстар назардан тыс қалмай, көктемгі егіс жұмыстары мен мал төлдету, жазғы мал азығын дайындау, күзгі күйек алу, егін орағы, қысқы мал қыстау науқандарының барысы жайлы газеттің әр нөмірінде жазылып, ақпарат беріліп отырды.

Сын түзелмей, мін түзелмейтіні хақ. Халық шаруашылығының көлеңкелі тұстарымен бұрыннан қалыптасқан проблемалық мақалалар жазу жандана түсті. Мәселен журналист Е.Әбілвәліевтің «Сағұрт басылық, сапасыз өнім», «Сүт өндіру қарқыны неге төмен?», «Тығырғаннан шығар жол қайсы?», «І.Мұстафаевтың «Іркіліс немесе ақарықтықтар», «Қиян» су құбырының қиянаты қашанға дейін қобалжыта береді?», Ж.Әбдімәліковтің «Өкіру мен өкіну», С.Бертаевтың «Дәуімбайдағы дау дамай», Б.Алпысбаеваның «Бармақ басты, көз қыспай», «Жастар және проблема», Т.Ташеновтың «Тұрғын үй сөлеміз, Т.Ташеновтың «Ауылшы қалай азамат?», «Шынымен-ақ, бізге не жетпейді осы?», А.Тілеуліевтің «Ер қанаты – ат», «Табиғатты кім қорғайды?», «Қағаз қалта төсе ме?» атты сын мақалалары мен корреспонденциялары оқырман ойынан шыға білді.

Уақыттың әр кезеңдерінде аудандық басылымда қаламы қарымды көптеген қаламгер қызмет етіп, қолтаңбасын қалдырды. Мәселен, өмірін газетке арнаған А.Сәдібеков, Ә.Садуақасов, С.Махмұдов, Т.Сарыбаев, С.Баймаханов, Б.Уызбаев, Қ.Нұрғалиев, А.Бекарыстанов, Ш.Бектаев, И.Шахаров, А.Тілеуліев, І.Мұстафаев, Ә.Оспанов, Б.Шайланов, Ж.Әбдімәліков, фото тілші Т.Ахметовтер т.б. өмірден өткенімен артында өлмес мұралары қалды. «Жалағаш жаршысының» жұмыс жасап, шыңдалып өскен Е.Айғалиев, Б.Бүркітбаев, Е.Әбілов, М.Байназаров, Б.Алпысбаева, Е.Әбдіхалықова, Қ.Дастандардың есімін мақтанышпен атап өту керек.

Жалағаш ауданында тұратын Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Ш.Айбосынов, Р.Кәрімов, Т.Ахетов, А.Орынбаева, А.Байғабұлов, Қ.Ахетов, Р.Көшекбайқызы, Б.Нұржанов, К.Қайрақбаев, Жандос Жазек, Е.Созақбаев, Н.Алмасова, Ақнұр Алтынбек, Ақтоқты Бүркітбай газет бетінде күнделі материалдар жазып, өзекті мәселелерге, үлкен жетістіктерге қалам төлеуді.

1980 жылдың 18 қаңтар күні Жалағаш аудандық «Жаңадария» газетінің 5000-шы нөмірі шығып, ол облыс көлемінде аталып өтті. Осы мерекелік шарада аудандық газет облыстық Кеңес атқару комитетінің грамотасымен марапатталса, ал газеттің жауапты хатшысы М.Ілиясов, баспахана директоры Т.Ташенов облыстық партия комитетінің, газет редакторы З.Салықбаев, баспаханаының литопит машинисі Қ.Ерғанаева облыстық Кеңес атқару Комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталды. Редакциядағы шығармашылық ұжымның барлығы дерлік СССР Журналистер одағының мүшелігіне қабылданған. Сол кезге дейін газет редакторлары Қ.Әбдешов, З.Салықбаев және жауапты хатшы М.Ілиясовтар Қазақстан Журналистер

одағы Пленумының мүшесі болды. Сол сияқты редактор З.Салықбаев, орынбасары С.Баймаханов, сектор меңгерушісі М.Аяповтардың Қазақстан Журналистер одағаның «Құрмет» грамоталарымен марапатталуы да зор мақтаныш болды.

«Жаңадария» газеті өзінің 5000-шы нөмірі арқылы аудан еңбекшілеріне коммунистік тәрбие беруде, оларды шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыруда аудан еңбеккерлерінің сенімді серігі, сүйікті басылымына айналды.

Бір айта көтерлік жағдай, газеттің еңбекші бұқарамен байланысы нығая түсті. 1982 жылы редакцияға 1260 хат түсіп, оның 1200-дей жарияланған екен. Сол кездері газеттің тұрақты 39 тілшісі, 68 авторы болды. Газеттің штаттан тыс партия тұрмысы, ауыл шаруашылығы, комсомол жастар және мектеп бөлімдері жұмыс істеді.

Сексенінші жылдардың басында «Құттықтау» деген айдармен соңғы бетке ауданның туған күн, мерейтой иелерін құттықтау, қайтыс болған кісілердің туған-туыстарына көңіл айту, еске алулар мен жарнама, хабарландырулар ақылы негізде беріле бастады. Міне, осы ақылы қызметтен түскен қаржы редакцияның кем-кетігін толықтырып, жырттығын жамайтын қосымша табыс көзіне айналды.

Кеңес одағы билік құрған жетпіс жылдан астам кезеңде қазақ топырағында жарық көрген басылымдар мен ақпарат құралдары қатал бақылауда болды. Кеңес дәуіріндегі баспасөз материалдары түрледей дерлік «цензураның сүзгісінен» өтіп барып жарыққа шығарылатын. Дегенмен кеңестік жүйенің кезінде мерзімді басылымдар мамыражай күй көшті. Қамқорлық көрсетіп отырған соң олар өз өнімдерін қалай өткізу керек екені жайлы ойланбады. Партияның нұсқауымен жер-жердегі мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлер газетке жазылуға мәжбүр болды. Партия газетін өзі таратады. Айлық жалақы, қаламақы әлі сабын беріліп тұр. Журналистің жұмысы – мақала жазып, газет шығару.

Аудандық газетте «Партия тұрмысы», «Ауыл шаруашылығы бөлімі», «Еңбекші хаттары бөлімі» жұмыс істеді. Аты айтып тұрғандай, партия тұрмысы бөлімі партия жұмысын, ауыл шаруашылығы бөлімі ауданның ауыл шаруашылығы жұмыстарын насихаттады. Аң еңбекші хаттары бөлімі редакция пошталасына келіп түскен хаттарды сұрыптап, редакциялап, дайындап, жарамдыларын газет бетіне жариялап отырды. Хат авторларына назардан тыс қалмай, мақала жазып, газетке басып шығару жолдарын түсіндірді. Сондай-ақ оқырманда жазған проблемалық сын материалдар бойынша тиісті мекеме, шаруашылық басылымына хат жолдап, хабарласып, жазылған сының қорытындысы газет арқылы хабарланып отырды.

Айта кететін жайт, газет беделін көтеруге сын материалдардың көп ұйымдастырылуы ықпал етті. Сондықтан партияның нұсқауымен редактордың тапсырмасымен журналистер үнемі іс-сапарға шығып, газет бетінде сыни материалдар мен фельетондар жиі жариялануы тұрды. Бірақ ол сындар аяқсыз қалмайтын. Газетке шыққан әрбір сыни мақала аудандық партия комитетінің бюро мекілісінде қаралып, талқыланушы еді. Сол мекілістің қорытындысымен жұмыста өрескел кемшілік жіберген совхоз, мекеме, кәсіпорын басылымы мен тиісті мамандарға партиялық қызметтік қатаң шара көрініпін. Қалай десек те сол кездері партияның қолдауымен газет пен журналистердің абырой-беделі асқақтап тұрды.

Кез келген басылымның толыққанды деректерге толы материалдармен мазмұнды шығуы оқырмандар мен жергілікті тілшілердің белсенділігіне де байланысты. Ауыл тілшілері газеттің тірегі болып саналды. Өйткені олар үнемі халықтың арасында қайнаған еңбектің, қарбалас оқиғаның ортасында жүреді. Қоғамның әр кезіндегі бұқарбай батыр ауылшылан Жоламан Алданазаров, Мәдениеттен Тұрлықбек Деменов, Ақарықтан Оразбек Қожамұратов, Аққұман Науқанбай Шауқбаев, Жаңатапалан Мақсұт Нұрылдаев, Таңнан Сәдуақасов, Мырзабайдан Сапаш Әбдіқадыров, Жалағаш кентінен Әлі Ерсәліев, Жақсылық Адамбаев, Раушанбек Смағұлов, Бесбай Қуантаев, т.б. азаматтар ауыл өмірі, еңбек адамдары, ел жер тарихы, ата-бабаларымыздан қалған асыл мұралар мен жастар тәрбиесі жайында мақалалар жазып тұрды.

Қазіргі таңда Шыңғыс Айбосынов, Рысбай Кәрімов, Тұрақ Ахетов, Болатбек Нұржанов, Арыстанбек Байғабұлов, Дина Мейірман, Айкүміс Орынбаева, Роза Көшекбайқызы сынды жергілікті тілшілер аудандық басылыммен тығыз байланыста жұмыс жасап, ер нөміріне үн қосып жүр.

Аудандық газеттің әр жылдардағы таралымы айтар болсақ, 1934 жылы «Колхозшы» көп тиражды газет 700 болса, 1940 жылы 900, 1954 жылы «Күрішілер» 1300, 1968 жылы 5070, 1994 жылы «Жалағаш жаршысы» 4600 данамен таралған. Ал 2007 жылы 1650, 2008 жылы 2650 дана болса, қазіргі кезде аудандық газет таралымы 3 мыңға жуық данамен жарық көреді.

Тоқсан жылдық тарихы бар «Жалағаш жаршысы» оқырманмен бірге жасап, бұқараның үніне айналды. Әз тарихында уақыттың ер кезеңдерінде заман талабының ерекшеліктеріне орай өзіне жұктелген үгітшілік, насихатшылық және ұйымдастырушылық қызметтен атқарып келеді.

Серік БЕРТАЕВ, ардагер журналист

Мерей

Озаттар құрметке бөленді

Жалағаш – Сыр даласының төрінде салтанат құрып, талай еңбеккерлердің ерен ерлігін тарихқа таңбаланған қасиетті өлке. Бейбіт күннің аспанын қалқыған өнге, даласын дөңге толтырған Жалағашта көше 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесі мен ауданымыздың 85 жылдық мерейтойына орай «Жақты Сырдың – Жалағаш» атты мерекелік шара өтті.

Жанарған күнмен жаңарып, ынтымағын ұлықтаған Жалағаш жеріне облыс әкімінің орынбасары Ардақ Темірханұлы мен Жалағаш ауданының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қожахмет Баймаханов келіп, аудан халқын мерейлі мерейтоймен құттықтап, бірқатар сала ардагерлері мен басшыларына Қызылорда облысының «Құрмет» грамотасы мен облыс әкімінің алғыс хатын табыстады.

– Бүгін ынтымағы жарасақ, берекелілігі көпке үлгі болған қасиетті Жалағаш жерінде дүбірлеген той өтуде. «Қос тойың қабат болсын» демекші биылғы Республика күнінің атап өтілуі ауданымыздың 85 жылдығы, жаңалықтың жаршысы болған «Жалағаш жаршысы» газетінің 90 жылдығы мерейтойларымен және күршітен тау тұрғызған қауымға құрмет көрсетілетін, ауданымыздың берекесі мен молшылығын арттыратын «Алтын күз» мерекесімен туспа-түскеліп отыр. Республика күні – еліміздің мемлекеттілігі жолындағы алғашқы тарихи қадам жасалған күн. Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 2022 жылдан бастап Ұлттық мереке ретінде елімізде өткізіле бастады. Баршаңызды ұлттық мереке Республика күні және тарихи маңызы бар мерейтойлармен шын жүректен құттықтаймын. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, елдік мұратымыз асақ, бірлігіміз бекем болсын, – деді аудан әкімі.

Мерекелік шара да аудан әкімі Ардақ Әбдіғапарұлы, ауданның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, қоғамдық өмірдің басқа да салаларының дамуына, қайырымдылық жасау қызметіне үлес қосқан азаматтарға «Жалағаш ауданының құрметті азаматы» берілді. Сонымен қатар туган мекеніміздің өңбек озаттарын «Озат бригадир», «Озат күршіші», «Озат жоңышқа өсіруші», «Озат астық тиіп тасымалдаушы», «Озат су маманы», «Озат тілші»



сынды номинациялармен марапаттады.

Кезінде «Күрші фабрикасы» атанған Жалағаш өңірі еліміз деп маңдай төрін төгіп, еңбек өткен марғасқа азаматтарға кенде емес. Кешегі өткен Социалистік Еңбек Ері Исатай Әбдікәрімов, Алдаберген Бисенов, Ұзақ Еспанов, Тұршабек Елеусенов, Несіпбай Әпірезов, Қазына Жүсіпова, Ысқақ Жолмырзаев ел несібесін еселеген, күршітен тау тұрғызған ерлер болса, сол ерлердің ізі жалғасын тауып, кейінгі толқын еңбек дәстүрін жалғастыруда.

Биыл мерекелі жылды аудан еңбеккерлері мол табыспен қарсы алып отыр. 2024 жылдың қорытындысымен облыс бойынша ауданымыз агроөнеркәсіп кешенін дамытуда ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп, «Үздік аудан» номинациясына ие болды.

«Қызылорданың Қостанайы» болған Жалағаш ауданының диқандары биыл

37 218 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын өкті. Оның ішінде 19 800 гектар күрші өгіп, әр гектардан 60,5 центнерден, барлығы 1 млн 200 мыңға жуық центнер өнім жинады. Тамыры терең, тарихы кенен Жалағаш ауданы қазіргі уақытта қайнаған қызу жұмыстың, тынымсыз тірліктің, қарқынды құрылыстың ордасына айналып келеді.

Президенттің, Үкіметтің және аймақ басшысының қолдауымен ауданда көптеген жобалар жүзеге асуда. Мәселен, өткен жылы 5,7 млрд теңгені құрайтын 38 жоба жүзеге асырылып, ел игілігіне пайдалануға берілсе, биылғы жылы бюджет қаражаты есебінен 31 жобаны іске асыруға 7,8 млрд теңге бөлінді. Бүгінде Ақсу, М.Шәменов елді мекендеріне «көпбейіт отын» қосылуда. Газдандыру жобасын бөлек биылғы жылы аудандағы 5 елді-мекеннің ішкі көшелерінің жолдары

жөнделіп, 3 елді-мекеннің электр желілері жаңартылуда. Жыл аяғына дейін бірнеше құрылыс нысандары ел игілігіне пайдалануға берілімек.

Салтанатты шарада жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген бір қатар өндіріс озаттарына демеушілер тарапынан автокөліктер мен 1 млн теңге және 5 млн теңге көлеміндегі қаржылай сыйақылар табысталды.

Айта кетейік, көше Президент Жарлығымен Жалағаш ауданының құрметті азаматы, Жалағаш кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Қожатай Құлмахан облыс орталығында өткен салтанатты шарада «Ерен Еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Мерекелік шара соңы аудан және эстрада өншілерінің өн шашуымен қорытындыланды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Қазына



Кітапхана – рухани орда

24 қазан – кітапханашылар күні. Кітапхана – оқырманын жан-жақты ақпаратпен, біліммен қамтамасыз ететін орталық. Жұмысы кезге көріне бермейтін сала болғанымен, мақсаты айқын. Олар ел ертеңі болған жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, мәдениет көшінен қалдырмай, білімді ұрпақ қалыптастаруға өз үлестерін қосуда.

Кітапхана – рухани азық ордасы. Мереке қарсаңында өріптестерімізбен аудандық кітапханаға аялдаған біз бұл шаңырақтың қасиеті мен кітапханашылардың біркүндік жұмысына, мамандықтарының қыр-сырына қанықтық. Үлкен Мәңдібаева басшылық ететін ұжымның бүгінде жұмысы жүйелі. Олар аудан руханиятының дамуына сүбелі үлес қосуда.

– Кітап – құнды дүние, гасырдан-гасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өмірі ұзақ, мәңгілік ескерткіш. Бүгінде рухани өміріміздің өзге іспеттес ғылымды көпшілік оқырманға, ертеңгі ел тізгінін ұстар жеткіншек ұрпаққа насихаттауда, рухани-мәдени байлығымызды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кітапхана болса, сол байлықты өз оқырманына таныстырып табыстырушы – кітапханашы. Сондықтан біз кітапхананың дамуымен қоса кітапханашының да дамуын басты мақсат етеміз, – дейді Үлкен Әбілтайқызы.

Үлкен Мәңдібаева басшылық ететін аудандық кітапханада 375 792 кітап бар. Ал онда келетін оқырман саны 18 890 адамды құрайды. Мұндағы қызметкерлер өздерін ғана емес, келуші оқырмандарды да жетістіктерге жетелейді. Мәселен, бытыр Қызылорда облысында өткен облыстық «Ziutker Jas» білім сайысында Жалағаш ауданы атынан қатысқан аудандық кітапхана оқырмандары ІІІ орын иеленіп, 50 мың теңге қаржылай сыйақыға ие болған.

Бытыр Астана қаласында Ұлттық академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен кітапханашылар күніне орай өткен «Жас кітапханашы – 2023: жаңа мүмкіндіктер уақыты» атты республикалық байқауға сала қызметкерлері Жансұлу Ешімова мен Анар Жүсіпбекқызы қатысқан. Жерлестеріміз ҚР Ұлттық Академиялық кітапханасы директорының арнайы сертификатына ие болған. Мұнан бөлек өткен апта да мереке қарсаңында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Әбділде Тәжібаевтың 115 жылдығына орай «Кітап және қаламгер» тақырыбында республикалық семинар өтті. Шарада кітапханашылар арасында «Өрелінің ерісі кең» интеллектуалды сайысында 9 команда өзара бақ сынасып, нәтижесінде Жалағаш аудандық кітапханасының «Руханият» командасы жүлделі І орынды иеленген.

Шара аясында Қазақстандық Кітапханалық Одақтың «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен Дәуімбай елді мекені кітапханасының кітапханашысы Гүлмира Өміртайқызы, ҚР Ұлттық кітапханасының «Кітапхана ісінің үздігі» төсбелгісімен Раушан Алтынбекқызы, Қызылорда облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқарма басшысының алғыс хатымен М.Шәменов атындағы кітапханасының кітапханашысы Айқын Иманғалиқызы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы басшысының алғыс хатымен Тан ауылдық кітапханасының кітапханашысы Рима Амантайқызы марапатталды. Жалпы айта берсек, кітапхананың мұнан өзге де жетістігі мол.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен «Адал адам» мәдени-тәрбие беру орталығы» тұжырымдамасы бойынша әрбір оқырманның кітапқа деген сүйіспеншілігін ояту, көзқарасын қалыптастыру мақсатында барлық кітапханаларда «Әлем book» оқырмандар клубы ашылған.

Клуб жұмысының «Кітап-АМАНАТ» жобасы аясында «Кітап – гасыр мұрасы» атты кітап көрмесі, «Kıtar Travel» атты кітап әлеміне саяхат, «Кітапханаға кітап сыйла» акция, «Библио ART» жобасы аясында «Жаңа дүние жасау – шеберліктің белгісі» квиллинг, «Kazakh тіl QUIZ» интеллектуалды ойын «Балалар кітапханасы: дестүрлі және жаңаша қызмет» семинар-тренинг, тағы басқа шаралар өткізілген.

Айта кетейік, кітапханада 2018 жылдан бері «Coworking» орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың ашылуы қызмет көрсету деңгейі еуропалық деңгейдегі кітапхана ретінде көрсетіледі. Кітапхана ұжымы бұнымен ғана шектеліп қоймай, аудан көшелерінде «Көше кітапханасы» жобасын ашқан. Ол бүгінде түскі үзілісте, демалыссыз жұмыс жасайтын орын ретінде қалыптасқан.

Биыл аудан оқырмандары үшін «Түнгі кітапхана» жобасы да іске қосылған. Бұл жұмыстан қолы босамай, кітап оқуға уақыт таппай жүрген оқырмандарға арналған игі бастама. Оқимың, ізденеміз деген кітап сүйер қауымға арнап жасалған жоба оқырманның білімге деген ынтасын ашып, жанға жайлылық пен тыныштық сыйлайтыны рас.

«Ойын баласын кітап оқыған бала басқарады» демекші, кітап оқыған адам білім алып қана қоймай, жан-дүниесін рухани байыта да алады. Кітапхана басшысының айтуынша, қазір ауданда кітап оқушылардың саны артқан. Әрине, бұл кітап бетін ашпайтын жастарды оқуға баулуға жүйелі жұмыс жасап жүрген сала қызметкерлерінің ерен еңбегінің жемісі.

А.ЕРЖАНҚЫЗЫ

Дәстүр



Ұлттық құндылықтар дәріптелді

Өткен аптада аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Ақтерек» тынығу лагерінде «Ауылға барамын» атты жастар жобасы өтті. Шараға әр салада қызмет етіп жүрген белсенді жастар мен білім және өнер додаларында топ жарып жүрген студенттер мен оқушылар қатысты.

– Бұл жобаның негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды насихаттау. Ұмыт болып бара жатқан дәстүрлерімізді дәріптеп, ұлттық ойындарды қайта жаңғырту. Аудан белсенділерін ауылдың тыныс-тіршілігімен таныстырып, жастарды еңбекке баулу. Бұл шараға 20-ға жуық жас қатысты. Оның ішінде өзге ұлт өкілдері де бар, – деді жастар ресурстық орталығының директоры Асхат Ахметжанов.

Шара ең алдымен жастардың бір-бірімен танысуынан бастау алды. Мұнан кейін ер-жігіттер жағы самаруын қойып, қой сойып, оны жіліктеуді үйренді. Жасыратыны жоқ, қазіргі жастардың басым көпшілігі мал сою әдебі мен табаққа тартылу тәртібін біле бермейді. Жобаға қатысушы жастың бірі Нұрым Маханбет шара барысында жастарға мал союдың дұрыс әдіс-тәсілін үйретті.

– Ауылдың баласы болғандықтан мал сою маған бала күннен өтене таныс. Әкем мен ағаларымның жанында жүріп үйрендім. Шынығында, қазір ауыл балаларының өзі мал союға келгенде оқсауды. Сондықтан да артымыздан ерген жастарға ұлттық құндылықтарымызды барынша дәріптеп, бойына сіңіру үшін осындай шараларды

көптеп ұйымдастырып тұруымыз қажет, – дейді Нұрым Маханбет.

Иә, «табақ тартуды білген өз сыйын біледі» демекші Нұрым шара барысында жастарға сыйлы қонаққа және ер адамның өзіндік орнына сай табақ тартудың үлгісін көрсетті. Ал бойжеткендер шоққа таба нан жауып, күбі пісіп, бауырсақ қуырды.

– Мен аудандық индустриалды аграрлық колледжіде аспаз мамандығы бойынша 3-ші курс студентімін. Ұлым – шешен. Отбасымызбен қазақ халқының салт-дәстүрін ұстанып, құрметтейміз. Міндетті түрде ер мейрамда дастарханымызға бауырсақ қоямыз. Әсіресе, маған ұлыстың ұлы күні қарсаңында дайындалатын наурыз көже қатты ұнайды. Бүгінгі жобаға құрбыларымымен бірге арнайы келдім. Қамыр жайып, бауырсақ пісіруді ес білгіміз ананан үйрендім. Бүгін сол өнерімді ортаға салып, бауырсақ пісірдім – дейді Милана Сайдұлбаева.

Мұнан кейін шара жастардың өзара топтасып ұлттық ойындар бойынша сынаға түсуімен жалғасты. Ұлттық ойындарды ұлықтаған жастар тартысты ойын өрнегін көрсетіп, балалық шаққа саяхат жасады.

– Бүгінгі шара өте жоғары деңгейде өтті. Бір сәт таза ауада сергіп, жаңа достармен тіл табысып, түрлі тақырыпта пікір алмастық. Бұл жоба жылда дәстүрге айналған игі шара болады деп ойлаймын. Себебі жобаның жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол. Мәселен, өзін бүгін алғаш рет шоққа нан пісіріп, ұлттық ойындарды ойнадым. Алдағы уақытта өткізілетін осындай жобаларға қалмай қатысып тұрамын, – дейді Бағила Елубайқызы.

Жоба соңы белсенді жастардың аудан әкімінің орынбасары Гани Сүлейменовтің еркін форматта көзделуімен қорытындыланды. Кездесуде аудан әкімінің орынбасары жастарды ауданымыздың 85 жылдық мерейтойымен құттықтап, аудандық жастар саясатының жүзеге асыру барысын тілге тиек етті. Түрлі ұсыныстар мен тұщымды пікір айтқан жастарға әр-кезе қолдау білдіретінін жеткізген Гани Көнеғараулы бүгінгі жоба да белсенділік танытқан бірқатар жастарды марапаттап, сыйлықтар табыстады.

Айта кетейік, жыл басынан бері жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен 170 шара өтіп, оған 5000-нан аса жас

қатысқан. Жастардың қатысуымен ауданда тұрақты түрде тал өгу, тазалық акциялары, түнгі рейд, көне бұрыштарды ұйымдастырылып келеді. Сондай-ақ жастар білім бейгелерімен спортта да топ жарып, аудан абыройын асқақтатуда. Мәселен, бытырғы оқу жылында аудандағы 420 бітіруші түлектің 395-і ҰБТ-ға қатысты. Олардың 294-і мемлекеттік білім беру грантын жеңіп алды. Мұнан бөлек, «Серпін – 2050» бағдарламасы арқылы 34 бітіруші түлек солтүстік өңірлерде өз білімдерін жалғастырса, 16 бітірушісі әскери жоғары оқу орындарының грантын иеленді. Оқушылар арасында өткізілген түрлі танымдық байқауларға облыстық деңгейде 300-ден астам оқушы қатысын 182 орын (46%), ал республикалық деңгейде 29 жүлделі орын өңшеледі. Алғаш рет өткізілген ауыл мектептерінің оқушыларына арналған олимпиаданың республикалық көзегіне 10 оқушы қатысып 6 оқушы 4-алтын, 1-күміс, 1-қола жүлдеге ие болды.

Жастарды спортқа және мәдени шараларға тартуға аудан бойынша 107 спорт объектісі тіркелген. Аудандық дене тәрбиесі, спорт және туризм бөліміне қарасты «Нәркекесен» спорт клубындағы 12 үйірмеде және 3 сауықтыру тобында 1056 спортшы қамтылған. Ал №13 және №14 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде 20 үйірмеге 1828 жас спортшы қатысады.

Ақтоты БҮРКІТБАЙ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
«Жалағаш жаршысы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылғы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

«Жалағаш жаршысы» аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2850 Тапсырыс № 1683